

«БЕКІТЕМІН»

Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті Басқарма
төрағасы – Ректоры
з.ғ.д., профессор Н.О. Дулатбеков

**Е.А. БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

- 1.1. Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің Ғылыми кеңесі (бұдан әрі «Кеңес») «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының бұдан әрі – «Университет») сайланбалы алқалы органы болып табылады.
- 1.2. Университет органдарының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қарау кезінде осы мәселелер бойынша қабылданған шешімдер ұсынымдық болып саналады.
- 1.3. Ғылыми кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Жоғары оқу орнының Ғылыми кеңесі қызметінің үлгілік қағидаларын, «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жарғысын басшылыққа алады.
- 1.4. Ғылыми кеңес жариялылық жағдайында жұмыс істейді. Оның отырыстары, күн тәртібі, қабылданған шешімдері туралы университет ұжымы кеңінен хабардар етіледі, Кеңес отырыстарына оқытушылар, қызметкерлер және студенттер өкілдері шақырылады.
- 1.5. Ғылыми кеңес қызметінің мақсаты:
 - 1) кәсіптік оқу бағдарламаларын сәтті жүзеге асыру мақсатында университеттің профессорлық-оқытушылар құрамы мен білім алушылары үшін қажетті жағдай жасау;
 - 2) Жоғары оқу орнының әрі қарай дамуына әрекеттесу.

2. Ғылыми кеңес құрамы, құрылымы және оны сайлау тәртібі

- 2.1. Кеңес құрамына лауазымы бойынша Басқарма төрағасы-Қоғам ректоры, университет проректорлары кіреді.
- 2.2. Ғылыми кеңесті Басқарма төрағасы-Қоғам ректоры басқарады. Басқарма төрағасы-Қоғам ректоры төрағаның орынбасарын тағайындайды. Төраға болмаған жағдайда оның міндеттерін орынбасары атқарады.
- 2.3. Ғылыми кеңестің дербес құрамы Басқарма төрағасының – Қоғам ректорының бұйрығымен бекітіледі.
- 2.4. Факультеттердің өкілдері, бөлімшелердің басшылары мен білім алушылар, егер олардың кандидатуралары үшін онлайн және оффлайн режимінде жиналысқа қатысушылардың 50% - дан астамы дауыс

- берсе, университеттің Ғылыми кеңесінің құрамына сайланды деп есептеледі. Шешім жасырын дауыс беру арқылы қабылданады және хаттамамен рәсімделеді.
- 2.5. Ғылыми кеңестің құрамы 3 жыл мерзімге бекітіледі және мүшелердің тақ санынан құралады. Қажеттілігіне қарай оның құрамына жекелеген өзгерістер енгізілуі мүмкін.
 - 2.6. Университеттен жұмыстан (оқудан) шыққан жағдайда Кеңес мүшесі автоматты түрде оның құрамынан шығарылады.
 - 2.7. Ғылыми кеңестің отырысын дәлелсіз себеппен екі реттен артық өткізіп алынған жағдайда Кеңес мүшесі оның құрамынан шығарылады.
 - 2.8. Ғылыми кеңесте талқыланатын мәселелерді дайындауды ұйымдастыру, қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау, тәжірибені жинақтау және Кеңес жұмысының нысандары мен әдістерін жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін оның мүшелері арасынан Басқарма төрағасы – Қоғам ректорының бұйрығымен 3 жыл мерзімге Ғалым хатшы тағайындалады.
 - 2.9. Ғылыми кеңес өз жұмысын оқу жылына бекітілген жұмыс жоспары негізінде ұйымдастырады.

3. Кеңестің өкілеттігі

- 3.1. Ғылыми кеңес өз құзыреті шегінде мынадай функцияларды жүзеге асырады:
 - 1) ғылыми, оқу, әдістемелік және тәрбие қызметі бойынша мәселелерді қарау және шешімдер қабылдау;
 - 2) Директорлар кеңесінің отырысында бекітілген «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ ішкі құжаттар жіктеуішіне сәйкес құжаттарды бекіту.
 - 3) университеттің оқу-зертханалық және ғылыми-зертханалық базасын дамытудың перспективалық жоспарын қарау;
 - 4) профессор-оқытушылар және ғылыми құрамға ғылыми атақтар беру мәселелерін қарау;
 - 5) ішкі тәртіп қағидаларын қарау және бекіту;
 - 6) оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың барлық мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
 - 7) Университеттің стратегиялық даму жоспарын іске асыруға байланысты мәселелерді қарау;
 - 8) университеттің негізгі мәселелерін қарастыру және әлеуметтік даму шешімдерін қабылдау;
 - 9) өткен оқу жылындағы университеттің қызметін қорытындылау;
 - 10) Қоғамның оқу, ғылыми-зерттеу және тәрбие жұмысы туралы есептерді мерзімді қарау;
 - 11) Қоғамның құрамына кіретін өзге де құрылымдық бөлімшелердің қызметі туралы есептерді қарау;

- 12) Қоғам Басқармасының бекітуі үшін мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын қарау;
- 13) Қоғам қызметіне байланысты және алқалы шешімді талап ететін өзге де мәселелерді қарау.

4. Кеңес жұмысының тәртібі

- 4.1. Кеңес отырысы тиісті оқу жылына бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес айына кемінде бір рет өткізіледі.
- 4.2. Ғылыми кеңес отырыстарына мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдардың өкілдері, БАҚ өкілдері және т. б. шақырылуы мүмкін.
- 4.3. Қабылданған шешімдер қызметкерлер мен студенттердің назарына жеткізіледі, бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде университеттік газетте жариялануы мүмкін.
- 4.4. Кеңес отырыстары, егер оған Кеңес мүшелерінің кемінде 2/3 бөлігі қатысса, құқылы болып табылады. Отырысқа себепті жағдайлар бойынша қатыса алмайтындығы туралы Кеңес мүшесі алдын ала төрағаны ақпараттандыру керек.
- 4.5. Дауыс беру және шешімдер қабылдау тәртібі:
 - егер отырысқа қатысушылардың көпшілігі дауыс берсе, шешімдер қабылданды деп есептеледі;
 - Кеңестің оқу, шаруашылық және ғылыми қызметтің барлық мәселелері жөніндегі шешімдері ашық дауыс беру арқылы қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады;
 - жасырын дауыс беру доцент және профессор ғылыми атақтарына ұсыну туралы мәселелер, сондай-ақ тиісті ережелер мен басқа да нормативтік құжаттарда көзделген басқа да мәселелер бойынша өткізіледі;
 - жасырын дауыс беруді өткізу және оның нәтижелерін есептеу үшін Кеңес ашық дауыс беру арқылы кеңес мүшелерінен тақ санда есеп комиссиясын сайлайды. Есеп комиссиясы өз мүшелері арасынан төрағаны сайлайды. Есеп комиссиясының құрамына кандидатурасы ұсынылып отырған Кеңес мүшесі енгізілмейді. Есеп комиссиясының жасырын дауыс беру нәтижелері туралы хаттамасы ашық дауыс беру жолымен бекітіледі.
- 4.6. Кеңес жұмысының жедел қызметін жүзеге асыру үшін оның мүшелері қатарынан, сондай-ақ университет қызметкерлерін тарту арқылы Кеңестің жұмыс және/немесе сараптама комиссиялары құрылады. Жұмыс комиссиясының құрамы ғалым хатшының ұсынысы бойынша құрылады және университет бойынша бұйрықпен бекітіледі. Жұмыс комиссиясының функциясына Ғылыми кеңестің жұмыс жоспарына сәйкес тиісті мәселелер бойынша материалдар дайындау кіреді.
- 4.7. Кеңес төрағасы Кеңес шешімдерінің орындалуын жүйелі тексеруді ұйымдастырады және Кеңес мүшелеріне қабылданған шешімдердің орындалуы туралы хабарлайды.

5. Кеңес құжаттамалары

- 5.1. Кеңестің ғалым хатшысы алдын ала танысу үшін Кеңес мүшелеріне құжаттар пакетін (ережелердің, шешімдердің жобаларын және т.б.) алдын ала таратуды жүзеге асырады, отырысқа дейін 3 күн бұрын Кеңес төрағасына қаулы жобаларын ұсынады.
- 5.2. Кеңестің күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға дайындау үшін баяндамашы отырысқа дейін 10 күн бұрын мәселені алдын ала тыңдау және осы мәселе бойынша шешім жобасын дайындау мақсатында жұмыс комиссиясының отырысында ұсынады.
- 5.3. Кеңес отырыстарында қарау үшін ұсынылатын барлық материалдар қажетті құжаттармен қоса нақты шешім жобалары түрінде рәсімделеді. Барлық қаулы жобаларына тиісті бөлімшелердің басшылары қол қояды.
- 5.4. Кеңес отырысы қазақ және орыс тіліндегі хаттамалармен рәсімделіп, оларға Кеңес төрағасы мен ғалым хатшы қол қояды. Қатысу парақтары, баяндамалардың, анықтамалардың көшірмелері, дауыс беру хаттамалары және басқа да ілеспе құжаттар Кеңес отырысы хаттамасының міндетті түрдегі қосымшасы болып табылады.
- 5.5. Ғылыми кеңестің отырыстарына материалдардың уақтылы және сапалы дайындалуына және Ғылыми кеңестің іс қағаздарын жүргізуге жауапкершілік ғалым хатшыға жүктеледі.